**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02 - 09.02.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Дүкенші».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. | **«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. | **Тақпақ жаттау Шахтер**<br>Шахтерді ел біледі,<br>Оған сарай – жер асты.<br>Көмір қазып жүреді,<br>Сорғалатып тер ащы.<br>Бала оқитын зәулім үй<br>Қалмауы үшін суынып,<br>Үйіп көмір тауды ылғи,<br>Береді ол жылылық.<br>С.Мәуленов | **«Біз құрылысшымыз».**<br>Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру.<br>Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру. | **«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары* (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | "Алуан-алуан кәсіп" | Мамандықтар туралы | Мамандықтардың | Мамандықтарға | Менің арманымдағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | тақпақтар жаттау.<br>Құрылысшы<br>Қолда темір қалағым,<br>Саздан сарай қаладым.<br>Алматыдан аумайтын<br>Әсем қала саламын.<br>Ш.Садыханов<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | байланысты дидактикалық ойындар ойнау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)** | мамандығым. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақтілі**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Аспаздың кесу тақталары**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды бекіту.<br>Міндеттер<br>Балалардың ұғымында реттік сан есім туралы түсінікті қалыптастыру; тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру; екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруда теңдік және теңсіздікті саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы табуға, заттардың түрлеріне емес, жиын санына | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Тұрмыстық техника жөнінде «Не күшті?»**<br>МАҚСАТЫ<br>Балалардың тұрмыстық техника жөніндегі түсініктерін дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі және оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру; тұрмыстық техника түрлерінің адам өмірінде алатын орны туралы мағлұматтар жиынтығын ұсыну; тұрмыстық техниканың адамға маңызды көмекші құрал екеніне көз жеткізу, техниканы күту ережелері туралы жалпы мағлұмат беру. Балаларға әңгіме мазмұнын еске сақтап, мәтінге жақын әңгімелеуді үйрету, | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Үтік**<br>мақсаты<br>Балаларға үтіктің суретін салу техникасына үйрету; үтіктің құрылымындағы негізгі бөлшектеріне қарап, техника құралының тұтас бейнесін танып, атауын дұрыс атауға талпындыру; адам өмірінде тұрмыстық техника құралдарының орны туралы мәліметтерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «электрлік баусым», «аша», «қыртысы» сөздерін енгізу. | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Отбасы шежіресі**<br>мақсаты<br>Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өзінің отбасы туралы әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру; отбасы шежіресі мен мүшелерін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Отбасы", "шежіре", "ағайынды", "туыстық атау", "ата-ана", "ата мен әже", "немере", "жиен", "аға", "қарындас" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгіме, | 1. **Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Бұлбұл мен иоқылдақ**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Бұлбұл мен тоқылдақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауды үйрету; шағын мазмұнды әңгімені әңгімелеп беруге дағдыландыру; бұлбұл мен тоқылдақ туралы ақпарат бере отырып, олардың ішінде қыстайтын құстың ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; қыстайтын құстар туралы ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл аударуды үйрету; эквивалентті заттар туралы ұғым беру; геометриялық пішіндерді беттестіру арқылы салыстыруға; аспаз бен даяшы мамандығы туралы білімдерін тиянақтау.<br>Зейін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау, аналитикалық және логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларда мамандық иелерінің еңбегін құрметтеу қабілетін қалыптастыру, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөйлеу тілін: «пішіндерді беттестірдім», «сандары тең болды», «реттік саны», «бес, төрт, үш, екі, бір»; «заттар әртүрлі болса да, жалпы жиын саны өзгермейді» сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br><br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, дамытушы жаттығу, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Аспаздың суреті.<br>Хат пен хатқалта.<br>Түрлі пішіндерге ұқсас | тұрмыстық техника түрлерінің адам өмірінде алатын орны жөнінде ойын еркін айту, өз жауаптарын құрастыру қабілетін арттыру; мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеу, шығармашылық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; зейін, еске сақтау, құлақпен тыңдау, елестету және сахналау қабілеттерін дамыту. Балалардың әңгіме жанрына құштарлығын дамыту, адам еңбегін құрметтеуге, техниканы күтуге баулу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Белсенді сөздік қорға: тұрмыстық техника, шаңсорғыш, тоңазытқыш, электр плитасы, дау сөздерін қосу. Әңгіменің мәтініндегі белгілі фразалар мен сөйлемдерді айтқызып, сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, | Әдіс-тәсілдер<br>Ритмикалық сәт, аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдауға жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. «Қызықты техника әлемін» білдіретін әуенжазбасы. bilimkids.kz сайтындағы «Тұрмыстық техника» атты бейнежазбасы.<br>Қарындашпен салынған үтіктің үлгі суреті. Түрлі-түсті қарындаштар қорабы, таза ақ қағаз беті. Үтіктің суретін салу кезеңдері:<br>- доғалы сызық;<br>- үтіктің денесі (корпусы);<br>- салынып тұрғанына ұстағышы | түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, пысықтау, өзін-өзі бағалау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, отбасы қуыршақтары, отбасы суреті, отбасының шежірелік суреті, отбасына арналған слайдтар немесе мазмұнды суреттер, отбасы бейнеленген төсбелгілер.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Үй жиһазы**<br>мақсаты<br>Балаларға тақтайша, кірпіш, текшесі бар құрылыс материалдары жинағынан үй жиһаздарын құрастыруды үйрету; құрылыс материалдарының бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипап ұстау, тақтайшалардың үстінен қолымен жүргізу арқылы қабылдау | кеңейту. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың сөздік қорын молайту; әңгімеге қызығушылықтарын қалыптастыру; ойлауын, тілін, зейіні мен еске сақтау қабілетін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа, адамгершілік ережелеріне және құстарды құрметтеу, аялау сезімдеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Қыстайтын құстар», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Тоқылдақ орман құсы», «Бұлбұл әнші құс» сөздері мен сөйлемдерін, «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» мақалын пайдалану.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің бейнебаянын көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақтайшалардың көрнекілік суреттері.<br>1. Шаршы, бос орын, үшінші үшбұрыш, бос орын, бесінші тіктөртбұрыш.<br>2. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Геометриялық пішіндердің көрнекілік пішіндері: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш.<br>Сызбалы суреттер:<br>шаршы мен дөңгелек;<br>шаршы;<br>дөңгелек пен үшбұрыш;<br>үшбұрыш дөңгелектің артында;<br>дөңгелек үшбұрыштың артында;<br>сопақша мен тіктөртбұрыш;<br>сопақша тіктөртбұрыштың артында;<br>тіктөртбұрыш сопақшаның артында.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Ырғақты, баяу ырғақты әуенжазбасы.<br>Даяшының суреті.<br>Көрнекілік кескіндері: екі қоян, екі лақ, бір құлыншақтың кескіндері.<br>Көрнекіліктерді жапсыруға панно, көрсеткіш.<br>Көрнекілік суреттер:<br>екі көжек;<br>екі көжек және бір құлыншақ;<br>екі қоян, бір құлыншақ, бір лақ; | суреттер негізінде сөздік жұмыс, әңгімені мәнерлеп оқу, әңгіменің мазмұны бойынша сұрақ-жауап және мазмұндаудың сызбалы кестесін құру жаттығуы, фонетикалық ритмика, әңгімені сызбалы кесте арқылы мазмұндау жаттығуы, әңгіме мазмұнын сызбалы кесте негізінде рөлдер бойынша сахналау жаттығуы, логикалық жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Шаңсорғыш, тоңазытқыш, теледидар, қайнап жатқан<br>шәйнек дыбыстарының дыбыстары, тұрмыстық техниканың көрнекілік суреттері: теледидар, шаңсорғыш, электр плитасы, тоңазытқыш, баяу<br>ырғақты әуенжазба, «Не күшті?» әңгімесін мазмұндаудың сызбалы кестесі, заттардың суреттері салынған | қосылған;<br>- салынып тұрғанына электрлік баусымы қосылған;<br>- салынып тұрғанына табаны қосылған;<br>- үтіктің сұлбасы түрлі-түсті қарындаштармен боялған.<br>Ырғақты, көңілді әуенжазбасы. Киім түрлерінің суреттері: жейде, шалбар, етік, күртеше, баскиім, қолғаптар, мойын орағыш. Тұрмыстық техника түрлері және олардың аяқталмаған суреттері: үтік, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуатын машина, электр пеші.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕ РИАЛДАР**<br>Түрлі-түсті қарындаштар қораптары, таза ақ қағаз беттері.<br><br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | іскерліктерін дамыту; үй жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «текше», «кірпіш», «тақтайша», «тігінен», «көлденең» , «үй жиһаздары», «төсек», «шкаф», «диван» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Үстел, орындық, төсек, шкаф, диван, | «Қыстайтын құстарды тап» дидактикалық ойыны.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, әңгіме бейнебаяны; орманның суреті, бұлбұл мен тоқылдақтың суреті, киндер ойыншықтың жұмыртқалары.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Қыстайтын құстар бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екі қоян, бір құлыншақ, екі лақ. Қонақтардың санына сәйкес жемістерді салып, теңдігін салыстыру барысының сызбалы суреттері.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әрбір балаға салыстыруға түрлі түсті геометриялық пішіндер: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш.<br>Екі жолақты карточкалар, сандардың жинақтары, ыдыстарда тізілуге тиісті жемістердің (алма, алмұрт пен апельсиндер) бес-бестен кескіндері. | топтамалар.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Сахналауға тұрмыстық техника түрлерінің маскалары: шаңсорғыш, тоңазытқыш, теледидар, электр плитасы. Қыздың қолында қуыршақ, басында бантик.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | креслоның суреттері, барлық үй жиһаздары суреті, Дана қуыршағымен, үй жиһаздарының дайын үлгісі, құрамында текше,<br>кірпіш, тақтайша бар құрылыс материалдарының жинағы.<br>**2.<br>ҮЛЕСТІРМЕЛІ МА ТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына байланысты құрамында текше, кірпіш, тақтайша бар құрылыс материалдарының жинағы.<br>**Жабыстыру**<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№44**<br>**Алаңдағы ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс | **№45**<br>**Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды | **№46**<br>**Саябаққа саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы | **№47**<br>**Күн көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, | **№48**<br>**Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, құйтқыған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар.<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас?<br>4. Олардың айырмашылығы қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>**Қимылды ойын:** | жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.<br>Тапсырма.<br>«Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген<br>тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>Сұрақтар.<br>1. Бұл машинаның аты қалай?<br>2. Ол не істейді?<br>3. Ол қарды қалай жинайды?<br>4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай<br>машиналарды білесіңдер?<br>*Көркем сөз.*<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұратын<br>Пойызды біз құрайық.<br>**Қимылды ойын. «Аңшы мен коян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу.<br>**Еңбек:** гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. **(еңбек дағдылары)** | балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.<br>Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>*Көркем сөз.*<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардан таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>**Қимылды ойын. «Біз көңілді баламыз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға | балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі суық. Көлеңке ұзарды.<br>*Көркем сөз.*<br>Батар күннің атар таңы бар.<br>**Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Аққала жасау.<br>Мақсат-міндеттер: қармен жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** өз қиялдарымен әңгіме құрату.<br>*Жұмбақ.*<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>*Мақал.*<br>Мезгіл жетсе, мұз да | боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>*Көркем сөз.*<br>Қыстың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астын ораған ақ қармысың.<br>Алай-түлей бораның, аязың да,<br>Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?!<br>**Қимылды ойын. «Үшінші артық».**<br>Мақсаты: шапшандыққа баулу.<br>**Еңбек.** Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>*Көркем сөз*<br>Ағашта биік,<br>Бір құсты көрдік.<br>Сайрайды сол құс,<br>Сайрайды талмай.<br>Кө-кек, кө-кек,<br>Аты оның содан,<br>Атанған кө-кек.<br>Ән орындау.<br>**Қимылды ойын:** денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау.<br>*Жаңылпаштар:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Ордағы қасқыр». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. **(дене шынықтыру)** | Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны<br>әсем етіп көріктендіру.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру.<br>**Жорамал.**<br>Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. | жатықтыру.<br>**Жеке жұмыс.** Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру.<br>**(дене шынықтыру)**<br>Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз.<br>Жұмбақтар.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>(боран)<br>Мәтел.<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр. | ериді. | Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ...<br>Қыс қыспаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па? |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз* | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>Салт-дәстүр. Жолаяқ.<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады.<br>Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Түскі ұйқы</td><td colspan="5">Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату.</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>Көркем сөз<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау және<br>басқалар)</td><td>Ертегілер елінде<br>«Жаман мен жақсы»</td><td>Желі рөлді ойын<br>«Хайуанаттар бағы»</td><td>Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша</td><td>Би үйренеміз<br>Педагогтің жоспары бойынша</td><td>Қауіпсіздік ережесі<br>«тоқ көзімен ойнама!»</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс</td><td>Ақжол Ақарыс қарапайым себеп-салдарлық</td><td>Ғани Алиасқар бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша</td><td>Бекболат Санжар ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына</td><td>Дархан Адина жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық</td><td>Ғалым Ақмедияр еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты орнатады: | әңгімелер құрастырады: | қарапайым композициялар құрастырады: | мәдениетінің ережелерін біледі: | өздігінен сомдайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №39 | №40 | №41 | №42 | №43 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел** | Өнер бұрышында мамандықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет,** Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар». | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | «Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?» |

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 - 16.02.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. | **«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . | **"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | **«Қызықты лото».** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)** | **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Техника және біз" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері. | Жиһаздар туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері Тақырыбы:Үйді жинаудың тәтібі**<br>**\МАҚСАТЫ**<br>Балалардың кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру, жиын саны туралы түсініктерін бекіту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балалардың қағаз бетін бағдарлай білу қабілеттерін тиянақтау, заттардың «оң жақта», «сол жақта», «жоғарыда», «төменде» орналасқанын айтуға машықтандыру; геометриялық пішіндерді қайталау; әртүрлі заттардан құрылған жиын туралы бекіту; заттардың санағанда эквивалентті (балама) заттарды қолдануға жаттықтыру; заттар тобының тең немесе тең еместігін анықтай білуді жетілдіру; тұрмыстық | **1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Жеті ағайынды» тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты «жеті ағайынды» сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру; адам қасиетін сипаттайтын сапалық сын есімдер туралы түсінік беру; денсаулық сақтау қағидалары негіздері жөнінде білімді қалыптастыру. Балаға денсаулықты сақтау тәртіптері жөнінде баяндай отырып, осы тақырып бойынша сұрақтарға жауаптарды адамның қасиетін білдіретін сапалық сын есімдерді дұрыс қолдану қабілетін арттыру; диалогтарға еркін түсуге жағымды эмоциялық жағдай орнату; өз | 1.**Сурет салу Тақырыбы:Қанекей, сапқа тұр!**<br>мақсаты<br>Балаларға достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалардың бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салғанда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету; салауатты өмір салтын насихаттау; ақыл-ойын, қағаздың бетінде бағдарлау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; достық қарым-қатынастарға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «спортпен шұғылданады», «шынықтыру» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, шығармашылық тәжірибесі, кіріспе әңгімелесу, сызбаны зерттеу, сурет салу | **1.Қоршағаг ортамен таныстыру Тақырыбы:Жануарлар емшісі**<br>мақсаты<br>Балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру; қыста жануарларға азық беру мен күтім жасау ерекшеліктерімен таныстыру; жануарлар емшісі (мал дәрігері) қызметі туралы ұғым беру. Жануарлар туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Жануарлар туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. Балалардың жануарлардың тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік | 1. **Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет Тақырыбы:Бұлбұл мен иоқылдақ**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Бұлбұл мен тоқылдақ» әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауды үйрету; шағын мазмұнды әңгімені әңгімелеп беруге дағдыландыру; бұлбұл мен тоқылдақ туралы ақпарат бере отырып, олардың ішінде қыстайтын құстың ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; қыстайтын құстар туралы ұғымдарын кеңейту. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың сөздік қорын молайту; әңгімеге қызығушылықтарын қалыптастыру; ойлауын, тілін, зейіні мен еске сақтау қабілетін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа, адамгершілік ережелеріне және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | техниканың қажеттілігі туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, зейін, жазықтықты бағдарлау, кеңістікті бағдарлау, түс пен пішінді қабылдау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды еңбексүйгіштікке және өзін-өзі басқаруға баулу; ұғымталдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балаларға: «ортасы», «оң жақ төменгі бұрыш», «сол жақ төменгі бұрыш», «оң жақ жоғарғы бұрыш», «сол жақ жоғарғы бұрыш», «төмен», «жоғары», «заттар әртүрлі болса да, жалпы жиын саны өзгермейді», «тұрмыстық техника» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, ғажайып сәт, дамытушы жаттығу, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, | қалауын, пәрменді нақтылы құрастырып жеткізуге, пәрменді түсінуге және орындауға деген икемдерін қалыптастыру; зейінді, ой-өрісін, кеңістікті бағдарлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту, қатынастық дағдыларын жетілдіру.<br>Балалардың саламатты өмір салтына қызығушылығын арттыру, денсаулық сақтау қағидаларына тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: шымыр, жігерлі, шапшаң, мерген, төзімді, күшті, епті сапалық сын есімдерді қосу.<br>Тақырып бойынша зат есім мен сын есімнен тұратын сөз тіркестерін, бұйрық райдағы етістіктерді пәрмен беру фразаларында айтқызып, сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, | амалдарын көрсету, сергіту сәті, топтық жұмыс, жеке жұмыс, нұсқау беру, сөздік жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Ырғақты әуенжазбасы.<br>Адам денесінің аяқталмаған суретті сызбасы. Дана мен Аланның спортшылар болып тұрғаны туралы суреті. Қара қарындаш, қағаз беті, фломастерлер қорабы. Адамның денесін салу кезеңдері:<br>- адамның басы;<br>- адамның басы мен денесі;<br>- адамның басы, денесі, қолдары;<br>- адам денесінің аяқталған суреті;<br>- адамның беті мен үсті толықтай салынған денесінің суреті.<br>Адамның қимыл-қозғалыстарының түрлері: бала отыр, бала жүгіріп келеді, бала орындықта отыр, бала секірді, бала | ережелеріне және белсенділікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл", "Жануарлар емшісі", "мал дәрігері","аяз", "қатты суық", "азық", "түлеу", "ұйықтау", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Сәлемдесу шеңбері, әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жануарлар тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Жануарларды топта" дидактикалық ойыны.<br>**2.Құрастыру Тақырыбы:Үй жиһазы**<br>мақсаты<br>Балаларға тақтайша, кірпіш, текшесі бар құрылыс материалдары жинағынан үй жиһаздарын құрастыруды үйрету; құрылыс материалдарының бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипап ұстау, тақтайшалардың үстінен қолымен жүргізу арқылы қабылдау іскерліктерін дамыту; үй | құстарды құрметтеу, аялау сезімдеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Қыстайтын құстар», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Тоқылдақ орман құсы», «Бұлбұл әнші құс» сөздері мен сөйлемдерін, «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» мақалын пайдалану.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіменің бейнебаянын көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Қыстайтын құстарды тап» дидактикалық ойыны.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, әңгіме бейнебаяны; орманның суреті, бұлбұл мен тоқылдақтың суреті, киндер ойыншықтың жұмыртқалары.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Қыстайтын құстар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сергіту сәті, көркемсөз, жұмбақ жасыру, панно және үстел басында іс-тәжірибе<br>жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Шаңсорғыштың дыбысы жазылған аудиожазба.<br>Көрнекілік суреттері: шаңсорғыш; кір жуу машинасы.<br>Бөлме ішінде және үстелде шашылған геометриялық пішіндер салынған сурет.<br>Аланның суреттері: көңілсіз Алан; көңілді Алан.<br>Көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың жинақтары.<br>Шаршы пішінді бірнеше беттерге салынған суретті сызбалар сериясы.<br>1. Ортада дөңгелек, бұрыштарда үшбұрыштар, сол жақ төменде бос орын.<br>1.1. Ортада дөңгелек, бұрыштарда үшбұрыштар.<br>2. Ортада шаршы, шаршының астында, үстінде, сол жағында | таңғажайып сәт, суретті көрсету, аудиожазбаны тыңдау, адымдап жүру жаттығуы, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақты қайта мәнерлеп оқу және суреттер негізінде сөздік жұмыс, пантомима<br>негізіндегі сөздік қимылды жаттығуы, сызбалы сурет негізінде сөздік жаттығуы, сөздік ойын, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Алан мен Дананың суреті көрсетіледі.<br>Марш ырғағындағы әуенжазба.<br>Спортшылардың жеке суреттері:<br>1) шымыр – қайықта ескек есіп отырған жігіт;<br>2) жігерлі – кедергіден асып, секіріп жүгірген жігіт;<br>3) төзімді – шахмат ойнап отырған жігіт;<br>4) күшті – зілтемірді (штанга) көтеріп тұрған жігіт;<br>5) шапшаң – хоккей ойнап жүрген жігіт; | шоқайып отыр, бала секірді, бала екі қолын жоғары көтерді, бала екі қолын алға созды.<br>**Мүсіндеу**<br>**2. Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «текше», «кірпіш», «тақтайша», «тігінен», «көлденең» , «үй жиһаздары», «төсек», «шкаф», «диван» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Үстел, орындық, төсек, шкаф, диван, креслоның суреттері, барлық үй жиһаздары суреті, Дана қуыршағымен, үй жиһаздарының дайын үлгісі, құрамында текше, кірпіш, тақтайша бар құрылыс материалдарының | бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелектер, оң жақ бос.<br>2.1. Ортада шаршы, шаршының астында, үстінде, сол және оң жағында дөңгелектер.<br>3. Ортада үшбұрыш, бұрыштарда тіктөртбұрыштар, оң жақ жоғарыда орын бос.<br>3.1. Ортада үшбұрыш, бұрыштарда тіктөртбұрыштар.<br>4. Ортада дөңгелек, астында, үстінде, оң жақта шаршылар, сол жақ бос.<br>4.1. Ортада дөңгелек, астында, үстінде, оң, сол жақта шаршылар.<br>Мозаика өрнектерінің үлгілері:<br>ортада – дөңгелек, оқ жақта – үшбұрыш, сол жақта – сопақша, жоғарыда – шаршы, төменде – тіктөртбұрыш;<br>ортада– шаршы, оң жақта – сопақша, сол жақта – үшбұрыш, жоғарыда – тіктөртбұрыш, төменде – дөңгелек;<br>ортада – сопақша, оң жақ төменгі бұрышта – дөңгелек, сол жақ төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, оң жақ жоғарғы бұрышта – шаршы, сол жақ жоғарғы бұрышта – | 6) мерген – садақпен нысанаға атқан жігіт;<br>7) епті – баскетбол ойнап жүрген жігіт.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Доптың әрқалай орналасуы туралы сызбалы суреттер сериясы:<br>- доп ұстаған қол алдыға созылған;<br>- доп алдыда, допты кеудеге басқан қолдар;<br>- доп артта, допты арқаның артына ұстаған қолдар;<br>- доп жоғарыда, допты жоғары көтерген қолдар;<br>- доп төменде, екі аяқтың арасына қысылған доп;<br>- доп сол жақта, бір қолмен денеге басылған;<br>- доп оң жақта, бір қолмен денеге басылған;<br>- доп бастың үстінде, допты бастың үстіне ұстаған қолдар;<br>- доп жерде, алдыда;<br>- доп жерде, аяқтың арасында.<br>Bilimland Kids-тің «Шомылу әні» жаттығуы. | | жинағы.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына байланысты құрамында текше, кірпіш, тақтайша бар құрылыс материалдарының жинағы.<br>**Жабыстыру**<br>3. **Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшбұрыш;<br>ортада – тіктөртбұрыш, сол жақ жоғарғы бұрышта – дөңгелек, оң жақ жоғарғы бұрышта – үшбұрыш, сол жақ төменгі бұрышта – шаршы, оң жақ төменгі бұрышта – сопақша.<br>Сызбалы суреттер:<br>жолақтың сол жақ шетінде бір жасыл дөңгелек;<br>жолақтың сол жақ шетінде бір жасыл және екі қызыл дөңгелек;<br>жолақта бір жасыл, екі қызыл және бір сары дөңгелек;<br>жолақта бір жасыл, екі қызыл, бір сары дөңгелек және бір көк дөңгелек.<br>Геометриялық пішіндердің санына сәйкес киімдерді салып, саны сонша қысқышпен теңдігін салыстыру барысының сызбалы суреттері. | **2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№49**<br>**Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем** | **№50**<br>**Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: | **№51**<br>**Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **№52**<br>**Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **№53**<br>**Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз.<br>Аппақ, аппақ, ақшақар<br>Бірін ұстап алайын ...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>Қимылды ойын. «Аяз».<br>Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>Жорамал.<br>Түтін будақтап шықса, аяз болады. | балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар.<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты?<br>3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Тез қарасын батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып.<br>Балалардың берген жауабын қорытындылау.<br>Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>**Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез | Мақсат-міндеттер. Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>*Көркем сөз.*<br>Аққала.<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>*Жұмбақтар.*<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>*Мақал.*<br>Сыртта тау болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен карауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. | Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау.<br>Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>*Тапсырма.*<br>«Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>*Көркем сөз.*<br>Бүрсең қағып жапырақтар,<br>Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар,<br>Аппақ қарға тосып жатыр.<br>**Қимылды ойындар. «Соқыр теке».**<br>Мақсат-міндеттер: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу.<br>**Еңбек**: қатқан мұз жолын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене шынықтыру)**<br>*Жұмбақтар.*<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды.<br>(мұз) | | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз" **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту. | тазалап, су құйып ретке келтіру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау.<br>**Жеке жұмыс.** «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>*Жорамалдар.*<br>1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр мол болады.<br>3. Ағашқа қырау тұрса, күн жылы болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Кім күшті?» | **Желі рөлді ойын «Емхана»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Баспалдақта ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қанат Мариямға бейнелеген суреттер мен заттар  (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады: | Қуанышқызы Диляра сахналық қойылымдарға қатысады, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады | Қуанышұлы Мансур жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады | Кенжебол Әмірхан айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді: | Кошербай Нуртас бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | №49 | №50 | №51 | №52 | №53 |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Көркем сөз<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(аз қимылды, үстел үсті**<br>**ойындары,**<br>**бейнелеу іс-әрекеті,**<br>**кітаптарды қарау және**<br>**басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). **(музыка)**<br>Өнер бұрышында техника және жиһаздар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру. | Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | «Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті. | Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады». |

Тексерген ___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02 - 23.02.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.<br>Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Спорт-лото».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. | **«Адалдық шеңбері»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. | **Тақпақ жаттау**<br>"Тазалықтың досы"<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы -<br>Су дегенің осы.<br>Бай! Бай!<br>-Бұл бала<br>Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне<br>- Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз Кір айғыз.<br>А.Меңжанова | **Дидактикалық ойын.**<br>**«Не артық?», «Спорт».**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру.<br>Спорт атауларын бекіту. | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. |
| **Ертеңгілік** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)** | | | | |

<table>
<tr><td>жаттығу</td><td colspan="5">Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тізeмен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Бата беру<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>Салт-дәстүр. Қонақасы<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>(көркем әдебиет)</td><td>Дәрумендер жайлы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі</td><td>1.Қазақ тілі</td><td>1.Сөйлеуді дамыту</td><td>1.Сурет салу</td><td>1.Қоршаған ортамен</td><td>1. Музыка</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйым<br>кестесі бойынша<br>ұйымдастырылған<br>іс-әрекет** | Педагогтің жоспары бойынша<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздер**<br>**Тақырыбы: Қатарға тұрайық, спртшылар**<br>**МАҚСАТЫ**<br><br>Балалардың ұғымындағы бірден беске дейінгі реттік сандар жөніндегі білімдерін нығайту; заттардың биіктігі туралы түсініктерін бекіту.<br><br>**МІНДЕТТЕРІ**<br>Балаларға заттардың бірден беске дейінгі реттік санын тануды, оларды қатардан табуды, тура және кері санау іскерлігін жетілдіру; түрлі заттарды биіктігі бойынша ажыратуды, салыстырғанда «биік – аласа» сөздерін қолдануға үйрету; өзін-өзі бағдарлау, өзіне қатысты кеңістік бағдарын пысықтау; кеңістік бағыттарын өзіне қатысты | **Тақырыбы: Тілдің дыбыстық мәдениеті. «У» «Тырналар жыры» Әңгімесін оқу.**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды дауыссыз [у] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі туралы түсініктерін тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі туралы білім беру; «туған жер», «мекені» ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. Байлаларға [у] дыбысының бірд дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру; дыбыстың артикуляциясын үйрету; осы дыбысты буынның және сөздің құрамында, [ұ], [ү] дауыстылармен қатар айтуға жаттықтыру; дауыссыз [у] дыбысын құстар шығаратын дыбыстардан байқауға, мәтін, сөздер құрамында | **Тақырыбы:Құмыраға салынған гүлдер**<br>мақсаты<br>Балаларды құмырадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам арқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп салу, қағаз бетіндегі бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындыру; көзбен мөлшерлеу қабілетін, эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анаға сүйіспеншілігін дамыту, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «көктемнің лебі», «құмыра», «інжугүл», «натюрморт» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, көркем сөз, логикалық жаттығу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен | **таныстыру**<br>**Тақырыбы:Жалбыз өсімдігі**<br>мақсаты<br>Балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту; жалбыз өсімдігі жөнінде түсініктерін кеңейту; жалбыздың емдік қасиеттерінің адам ағзасына шипалы екендігі туралы ұғым беру.<br>Жалбыз өсімдігіне байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.<br>Балалардың емдік өсімдіктерге, соның ішінде жалбызға күтім жасауға және олардың шипалы қасиеттерінің сырын білуге деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік | Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Мысығым менің мысығым**<br>мақсаты<br>Балаларға мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету; мысық туралы, мысықтың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «мақта табақшасы», «мысық», «марғау», «үй жануары», «ортасында», «сол жақ», «оң жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтауға, өзінің дене мүшелерін бағдарлауға, кеңістікте бағыт-бағдармен қозғалу дағдыларын жетілдіру; саламатты өмір салтын насихаттау.<br>Зейін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу, ұйымшылдыққа, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балаларға: «реттік», «бірінші», «екінші», «үшінші», «төртінші», «бесінші», «бір, екі, үш, төрт, бес», «бес, төрт, үш, екі, бір», «ең биік», «аласалау», «ең аласа», «споршты», «оң жақ», «сол жақ», «артта», «алдыда» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Ғажайып сәт, аудиожазбаны тыңдау, дамытушы жаттығу, | құлақпен естіп, дауыстап атау дағдыларын қалыптастыру; мәтін бойынша диалогтарға толық жауаптарды қайтару іскерлігін қалыптастыру; фонематикалық есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға сөздердің дыбысталу ерекшеліктерін байқауды үйрету; туған жерге, табиғатқа, анасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Белсенді сөздік қорға: тыраулайды, найза, білгір, қолбасшы, тырна, тырау-тырау сөздерін қосу.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ, суретті көрсету, зерттеу фонематикалық жаттығуы, артикуляциялық жаттығу, пантомима қозғалыс жаттығуы, әңгімені оқу, әңгіме | сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдауға жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Көңілді және ырғақты әуенжазбасы.<br>Көктемнің келгені туралы бейнежазба. Бірнеше бөліктерге бөлінген құттықтау хаты. Құттықтау хатының тұтас бейнесі. Құмыраға салынған гүлдердің суреті. Бөшкенің суреті. Қызғалдақтың суреті. Ақ қағаз беті, акварельді бояулар, қылқалам, тіреуше, ыдысқа құйылған су. Құмыраға салынған гүлдерді салу барысы:<br>- құмыраның бастамасы, доғалы сызықтар;<br>- құмыраның аяқталған сұлбасы;<br>- қызғалдақ гүлінің сұлбалары;<br>- қызғалдақтың сабағы | ережелеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Дені саудың – жаны сау", "Емдік өсімдіктер", "алоэ", "түймедақ", "жүзжылдық", "жалбыз", "жапырақ", "тікен", "тамыр", "гүл", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан емдік өсімдіктер туралы көрініс көрсету, пысықтау, "Жалбыздың емдік қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, емдік өсімдіктер туралы қысқаша бейнебаян, емдік өсімдіктер туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; табиғи алоэ жапырағы мен түймедақтың гүлі және жалбыз өсімдігі, жалбыз өсімдігі бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру Тақырыбы:Мысығым мәнің мысығым** | **МАТЕРИАЛДАР**<br>Мысықтың суреті, ойыншық мысық, мысықтың дайын үлгісі, мақта табақшалары, қайшы, қағаз, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, майлық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, қимылды жаттығу, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br><br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Дәрігердің дәрі-дәрмек салатын қобдишасы немесе оның суреті.<br>Спортшылар маршының ырғақты әуенжазбасы.<br>Бес түрлі спорттық жейде.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Көрнекілік сызбалы суреттер:<br>бойлары әртүрлі, бес түсті спорттық жейде киіп қатарда аралас тұрған бес бала;<br>бойлары ең биігінен бастап ең аласасына дейін солдан оң жаққа қарай бір қатарда тұрған бес бала;<br>бойлары ең биігінен бастап ең аласасына дейін солдан оң жаққа қарай жейделеріне «1, 2, 3, 4, 5» сандары | мазмұны бойынша сұрақ-жауап, мақалды жаттамақ жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Әдемі, баяу ырғақты әуенжазба.<br>Балалардың анасын құттықтап жатқаны туралы сурет.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш немесе интербелсенді тақта.<br>Ұшып бара жатқан тырналардың тыраулаған дыбыстарының аудиожазбасы.<br>Бір тырнаның тыраулаған дыбыстарының аудиожазбасы.<br>[у] дыбысы артикуляциясының сызбалы суреті.<br>Тырнаның тыраулап бара жатқан суреті.<br>Бір топ тырнаның үшкір найзадай қатар құрап ұшқаны туралы сурет. | мен жапырақтары қосылып салынған;<br>- суреттердің аяқталған нұсқасы.<br>Жаттығуға арналған гүлдер туралы әннің әуенжазбасы. Бір алаңда сегіз гүлдің суретінің екі нұсқасы; сегіз гүлдің арасында екі гүлдің пішіні бірдей. Суретшілердің натюрморт жанрындағы жұмыстарының үлгілері.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | Мақсаты: Балаларға мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету; мысық туралы, мысықтың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «мақта табақшасы», «мысық», «марғау», «үй жануары», «ортасында», «сол жақ», «оң жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазылған, бір қатарда тұрған бес бала.<br>Баяу ырғақты әуенжазбасы.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілік сызбалы суреттер:<br>қағаз бетінің төменгі жағында көлденең сызықтың бойында 1, 2, 3, 4, 5 сандары қатарға тізілген; көлденең сызықтың бойында 1, 2, 3, 4, 5 сандарының жоғарғы тұсында бойлары ең биігінен бастап ең аласасына дейін қатармен салынған отбасы мүшелерінің суреті.<br>**2.Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға төменде көлденең сызық салынған таза қағаз беті.<br>Ыдыстарда бірден беске дейінгі сандар жинақтары.<br>Бойлары (бойының биіктігі) әртүрлі, бес отбасы мүшесінің бейнелі кескіндері. | 2.**Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Мысықтың суреті, ойыншық мысық, мысықтың дайын үлгісі, мақта табақшалары, қайшы, қағаз, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, майлық.<br>**Жабыстыру**<br>**3. Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№54**<br>**"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>*Көркем сөз.*<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын. «Ақ** | **№55**<br>**Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Болжау.** Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын.<br>Мақал-мәтел,<br>Қыс қандай болса, жаз да осындай.<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауғаыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін | **№56**<br>**Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге. Ол не?<br>(Қар).<br>**Бақылау.**<br>Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».** | **№57**<br>**Қарлы боранды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>**"Ұшақ".**<br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру | **№58**<br>**Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>Тапсырма.<br>«Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.<br>*Көркем сөз.*<br>"Көкше мұз" Сейіл Боранбаев.<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп.<br>Сырғанаймыз кеште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып кеп.<br>Қыза-қыза келгенде,<br>Құйын болып кетеміз.<br>Жүйрік деген желден де ,<br>Басып озып кетеміз.<br>**Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** тәрбиеші жұмысты әркімге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>*Жорамал.*<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>*Жұмбақ.*<br>Қанат сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады. | бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді).<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады.<br>**Қорытынды.** | **(дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек.** Гүлзардың орнын жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін | қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**Жеке жұмыс.**<br>«Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.<br>*Жұмбақ.*<br>Құм сияқты ұсақ болғанымен,<br>жер бетін жауып үлгереді. (қар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Балалар, біз бұдан дымқыл қарды жабыстырудың оңайлығын байқадық. | орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Бата беру**<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Күн астындағы Күнекей қыз» әңгімесін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | Ертегілер елі<br>«Қаңтар мен ақпан» ертегісі | Желеі төлді ойын<br>«Цирк» | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша | Би үйірмесі<br>Пелагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік<br>«Шатырдың шетімен жүрме!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалар)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тұрсын Алдиярға** шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуды үйретужі жалғастыру | **Кенжебол Әмірхан** рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға үйретуді жалғастыру. | **Қуагнышқызы Диляра** қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатуды жалғастыру | **Нұрханұлы Қуандық** мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдылантыруды жалғастыру | **Жұмагелді Ерасыл** жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін үйретуді жалғастыру |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №58 | №59 | №60 | №61 | №62 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес. | «Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-анларға кеңес. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

Тексерген___________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02 - 01.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен** | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауды тәрбиелеу. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. | **"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету"** Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қолжетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау.<br>1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын<br>қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу.<br>Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көктем туралы ән айту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.қазақ тілі**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Көктемгі ғажайымтар.**<br>**Геометриалық денелер мен геометриалық пішінлер**<br>**мақсаты** | **1.Сөйледі дамыту**<br>**Тақырыбы: Көктем туралы тақпақты жаттау**<br>МАҚСАТЫ<br>Балалардың ұғымында тақпақ туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Үтік**<br>мақсаты<br>Балаларға үтіктің суретін салу техникасына үйрету; үтіктің құрылымындағы негізгі бөлшектеріне қарап, техника құралының тұтас бейнесін танып, атауын дұрыс атауға талпындыру; адам өмірінде тұрмыстық | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:терарриумдағы таспақа**<br>мақсаты<br>Балаларда тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту; үй жағдайында тасбақаға күтім жасау дағдыларын жетілдіру; адам және | 1. **Музык**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Бақша ағаштары<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Бақша ағаштары» әңгімесімен таныстыру, шығармашылыққа баулу; әңгімедегі ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру; геометриялық пішіндердің немесе денелердің қоршаған объектілерге ұқсастығы туралы ұғым қалыптастыру; көктем мезгіліндегі құбылыстар мен мерекелер жөнінде түсініктер беру, сыртқы құбылыстар мен ішкі ой-қиял әлемі туралы жалпы түсінік беру. Балаларды геометриялық денелердің қасиеттерін зерттеу тәсілдеріне үйрету; геометриялық денелер мен геометриялық пішіндерді көзбен бақылап, қолмен ұстап, сипап, іс-тәжірибе жасап, өзара салыстырып, ортақ қасиеттерін тануға машықтау; іс-тәжірибе және зерттеу нәтижелерін, қорытындыны құрастырып, сөзбен жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру; тұтастан ұсақты бөліп алу немесе заттардың ортақ қасиеті бойынша жалпылау техникаларын жетілдіру; зейін, көзбен мөлшерлеу, қолдың ұсақ моторикасы, қабылдау, түйсік, ойлау | көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру; көктем мезгіліндегі құбылыстардың ерекшелектері туралы түсініктер жиынтығын тиянақтау. Балаларды көктем туралы тақпақты еске сақтауды және жаттауға үйрету; көркемсөзді мәнерлеп айту дағдыларын жетілдіру; тақпақ мәтініндегі көктемді сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін өз жауаптарында пайдалану біліктерін бекіту; сөз таптарын ажырату негіздерін қалыптастыру; есту, көру, түйсіну, еске сақтау қабілеттерін, ой-өрісін, елестетуді, эстетикалық талғамды дамыту, тұлғааралық қатынастарды нығайту. Балалардың көктем мезгілінде болатын табиғат өзгерістеріне және сөздің әсемділігіне қызығушылықтарын қалыптастыру, | техника құралдарының орны туралы мәліметтерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «электрлік баусым», «аша», «қыртысы» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ритмикалық сәт, аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, пантомима жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдауға жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. «Қызықты техника әлемін» білдіретін әуенжазбасы. bilimkids.kz | қоршаған орта туралы ұғым беру. Тасбақа туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Тасбақа туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. Балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және белсенділікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Мен және қоршаған орта", "тасбақа", "баяу жорғалайды", "карапакс", "пластрон", "көзі домалақ", "батпақ тасбақасы", "дала тасбақасы", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жұмбақ, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан тасбақаның тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Тасбақаны тап" дидактикалық ойыны.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, тасбақа туралы қысқаша бейнебаян, тасбақа туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; тасбақа бейнеленген таңбалауыштар; аудиожазбалар: тасбақаның дыбысы, террариумдағы тасбақа, ғажайып қап, тасбақаға ұқсас дөңгелек ойыншықтар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Үй жиһаздары**<br>мақсаты | қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру; ағаштар туралы қысқаша түсінік бере отырып, ағаштар туралы ұғымдарын кеңейту; адам және қоршаған орта туралы білімдерін толықтыру. Әңгіме мазмұны арқылы балалардың тілі мен зейінін, шығармашылығы мен еске сақтау қабілетін, дербестігін дамыту. Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын арттыру; әдептілікке, үлкеннің еңбегін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Мен және қоршаған орта», «бағу-қағумен өсірген», «бағып-қағусыз өскен», «сен жас ағашсың саған да күтім керек», «қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйрен», «жақсы түзік кісі болып өсерсің», «бағусыз бетіңмен кетсең», «қисық біткен ағаштай», «қисық өсерсің» сөздерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін<br>дамыту. Балалардың көктем мезгілінің құбылыстарына қызығушылықтарын дамыту, ізденімпаздыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «геометриялық пішіндер», «геометриялық денелер», «конус», «текше», «шар», «цилиндр», «жазық пішіндер», «денелері көлемді», «жыл құстары» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, ғажайып сәт, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Құстардың шырқаған дыбыстарының жазбасы. Қардың еріп кеткені туралы, жасыл шөптің<br>үстіне гүлдердің шыққаны туралы бейнеролик.<br>Көк қағаздың бетіне күлгін түсте салынған шаршы, | байқампаздыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: сарқырайды, адымы нәзік, жайылады, тасиды, ериді, ағады, атады сөздерін қосу.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, суреттер немесе шағын бейнеролик негізінде кіріспе әңгіме құру, тақпақты мәнерлеп оқу, топтар арасында іс-тәжірибе негізіндегі сөздік жұмыс, сахналау жаттығуы, топтардың мнемокесте негізінде тақпақты жаттау жаттығуы, топтар арасында логикалық сөздік жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Құлаққа жағымды әуенжазба.<br>Көктем бикештің | сайтындағы «Тұрмыстық техника» атты бейнежазбасы.<br>Қарындашпен салынған үтіктің үлгі суреті. Түрлі-түсті қарындаштар қорабы, таза ақ қағаз беті.<br>Үтіктің суретін салу кезеңдері:<br>- доғалы сызық;<br>- үтіктің денесі (корпусы);<br>- салынып<br>тұрғанына ұстағышы қосылған;<br>- салынып<br>тұрғанына электрлік баусымы қосылған;<br>- салынып тұрғанына табаны қосылған;<br>- үтіктің сұлбасы түрлі-түсті қарындаштармен боялған.<br>Ырғақты, көңілді әуенжазбасы. Киім түрлерінің суреттері: жейде, шалбар, етік, күртеше, баскиім, қолғаптар, мойын орағыш.<br>Тұрмыстық техника түрлері және олардың аяқталмаған суреттері: үтік, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуатын машина, электр пеші.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕ РИАЛДАР**<br>Түрлі-түсті қарындаштар қораптары, таза ақ қағаз | Балаларға тақтайша, кірпіш, текшесі бар құрылыс<br>материалдары жинағынан үй жиһаздарын құрастыруды үйрету; құрылыс материалдарының бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипап ұстау, тақтайшалардың үстінен қолымен жүргізу арқылы қабылдау іскерліктерін дамыту; үй жиһаздары туралы білімдерін толықтыру; достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «текше», «кірпіш», «тақтайша», «тігінен», «көлденең» , «үй жиһаздары», «төсек», «шкаф», «диван» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Үстел, орындық, төсек, шкаф, диван, креслоның суреттері, барлық үй жиһаздары суреті, Дана қуыршағымен, үй жиһаздарының дайын үлгісі, құрамында текше, кірпіш, тақтайша бар құрылыс материалдарының жинағы.<br>**2.Құрастыру:**<br>**Тақырыбы:** тазалық-денсаулық кепілі<br>мақсаты | Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан әңгіме желісін көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, әңгімедегі кейіпкерлердің сөздерін қайталау, көркемсөз, кері байланыс, ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, әңгіме бейнебаяны; орман суреті, түзу және қисық ағаштар суреттері, қобдиша, ағаштан жасалған кәдесый; ата мен баланың суреті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерінің суреттері.<br>Цилиндр, шар, текше, конус пішіндері.<br>Геометриялық пішіндердің түрлі түсті нақпішіндері.<br>Геометриялық пішіндердің көк түсті нақпішіндері.<br>Сызбалы суреттер:<br>- бір қатарда текше, конус, цилиндр, шар;<br>- текше;<br>- конус;<br>- цилиндр;<br>- шар;<br>- үшбұрыш пен конус;<br>- дөңгелек пен шар;<br>- шаршы мен текше;<br>- цилиндр мен тіктөртбұрыш.<br>- бір қатарда геометриялық пішіндер.<br>№44 «Қиялдап көрейік» әуенжазбасы.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілік сызбалы суреттер сериясы:<br>- торғай – бір дөңгелек, бір сопақша, үш үшбұрыш;<br>- қаз – бір дөңгелек, бір сопақша, төрт үшбұрыш;<br>- аққұтан – екі сопақша, бір тіктөртбұрыш, төрт үшбұрыш; | келгіні туралы сурет.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш немесе интербелсенді тақта.<br>Балалардың көктем туралы әңгімелеуіне суреттер немесе бейнероликтер тізбегі.<br>1. Қардың ерігені.<br>2. Қарлы шатырдан судың тамшылағаны.<br>3. Бұлақтардың сарқырап аққаны.<br>4. Шалшықтардың жерге жайылғаны.<br>5. Ағаштар бүршік атып, жапырақтардың пайда болуы.<br>6. Құстардың қайтып келуі, ұя салғаны, әндерді шырқауы.<br>Көктемнің келгенін білдіреді құлаққа жағымды әуенжазба.<br>Балалардың бірнеше топтарға бөлінуі туралы сызбалы суреттер:<br>- төрт баған;<br>- төрт бұрыштағы төрт топтама.<br>Көктем мезгіліне тән құбылыстардың әуенжазбалары:<br>- тамшылар;<br>- шалшық; | беттері.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музык**<br>Педагогтың жоспары бойынша | Балаларға йогурттан босаған ыдыс пен қағаздан қолжуғышты құрастыруды үйрету; «Тазалық - денсаулық кепілі» түсінігін қалыптастыра отырып, балалардың түсінігінде тазалық, тазалықтың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту; жасаған жұмыстарын безендіруді үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «тазалық», «қолжуғыш», «йогурт» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>«Мойдодыр» ертегісіндегі қолжуғыштың суреті, қолжуғыштың дайын үлгісі, сабын, орамал, айна, тіс щеткасы, тарақтың суреті, йогурттан босаған ыдыс, сары түсті қағаздар, қайшы, қолжуғыш айнасының қиылған үлгісі, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - үкі – үш сопақша, бес үшбұрыш, екі дөңгелек;<br>- қарлығаш – бір сопақша, бір дөңгелек, бес үшбұрыш.<br>Көрнекілік суреттері: торғай, үкі, қаз, аққұтан, қарлығаш.<br>Геометриялық пішіндер мен денелердің қасиеттерін зерттеу үлгілерінің сызбалы суреттері. | - бұлақ.<br>- қолшам.<br>Төрт топтың эмблемалары: күн, тамшы, шалшық, бұлақ.<br>Көктем туралы тақпақ жолдарын жаттау мнемокестесі.<br>Тақпақта кездесетін сөз тіркестерін сипаттайтын мнемокарточклар: күн, найзалар жоғарыдан төмен, аяқтың ұшын атұру, көктем бейнесі, қардың еруі, шатырдан тамшылардың аққаны, шалшықтағы судың шашырауы<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | | **Жабыстыру**<br>3. **Дене шынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Серуен** | **№63**<br>**Қардың алғашқы еруін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ."Көктем".<br>Көкке бояп өңірді, | **№64**<br>**Күннің көзін бақылаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ. | **№65**<br>**Мұз сүңгісін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды, | **№66**<br>**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Көзіне көрінбейді,<br>Қолына ілінбейді.<br>Бірақ та, құлағына, | **№70**<br>**Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Орманның, таудың үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктем келді көңілді.<br>Бау-бақшада, орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерден қар бірдей еріп кетпейді? (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің қарлары тез еритіндігі туралы балаларға түсіндіру. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Жүгір-отыр-жүгір!» (дене шынықтыру)**<br>Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!» балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекеттерін қалыптастыру.<br>**Еңбек.**Терезе алдындағы бақша (суару). **(еңбек дағдылары)**<br>Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, | Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.<br>Қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру, шешімін жасау.<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн». (дене шынықтыру)**<br>Рөлдерде ойнағанда өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.<br>**Еңбек.** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың | Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару.<br>Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау.<br>Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек дағдылары)**<br>Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа | Ұдайы күбірлейді. (Жел)<br>**Бақылау.** Ауа райы жағдайы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер». (дене шынықтыру)**<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Өсімдіктерге су құю. **(еңбек дағдылары)**<br>Балалар тәрбиешінің басқаруымен аулада пайдалы еңбекпен айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерді ұқыпты күтуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Аулада ойын ойнау. **(дене шынықтыру)**<br>Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау. | Ірі кілем төселген<br>Менің де, сенің де<br>Үстіңнен жайылған<br>Бірде сұр, бірде көк,<br>Бірде көгілдір. (Аспан)<br>**Бақылау.**<br>Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аудару. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын. «Қоңырау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау. | шетін сыпырып, қопсыттады, жоғарылатып жинайды. **(еңбек дағдылары)**<br>Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету. **(дене шынықтыру)** | тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Сүйікті ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | | қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Тұқымды отырғызу. **(еңбек дағдылары)**<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу.<br>Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Дәлізде ойын ойнауға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(өзін-өзі басқару дағдылары)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын<br>қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Алма» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.<br>**(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Мұрагер» | **Желі рөлді ойын «Ұшқыш»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Шатырға жақын жүрме»» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Елмурат Бағым сахналық қойылымдарға қатысады, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануды үйрету. | Иса Айзадаға айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді: | Ержанұлы Алинур заттарды және сюжеттік композицияларды салады | Талғат Адинаға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Есенғали Бақдәулет бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>№63</td><td>№64</td><td>№65</td><td>№66</td><td>№67</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>Салт-дәстүр. Наурыз көже<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын<br>қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-</td><td colspan="5">Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.<br>әрекеті)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Абайла! Төбедегі мұз». |

Тексерген _______________